

ТІЛДІК ЕМЕС ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА КӘСІБИ БАҒЫТТАЛҒАН ШЕТЕЛ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

*Исина Н.Т.¹, Толуспаева Д.Ж.²

¹П.ғ.м., оқытушы, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан. e-mail: nazerke96g@mail.ru

²Т.ғ.м., оқытушы, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан. e-mail: dnm_tm@bk.ru

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты: кәсіби мақсаттарға арналған шетел тілі оқытушысының негізгі кәсіби құзіреттіліктерін дамытуға бағытталған дайындық жобасын ұсыну. Зерттеу жұмысының өзектілігі: қазіргі қарқынды дамып келе жатқан технологиялық қоғамда кәсіби мақсаттарға арналған (заңгерлік, медициналық, металлургиялық, тау-кен ісі саласы және т.б.) шетел тілін оқытатын кәсіби біліктілігі жоғары, құзыретті оқытушыларға сұраныстың күшеюімен сипатталады. Ғылыми-практикалық маңыздылығы: ұсынылып отырған дайындық жобасын кәсіби мақсаттарға арналған шетел тілі оқытушыларының кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Зерттеудің негізгі әдістері: тандалған теориялық тұрғыдан зерттеу әдістері: талдау (ғылыми еңбектер мен әдебиеттерді зерттеу), синтез (зерттелген ақпараттар негізінде құзіреттілік моделін жобалау), салыстыру әдістері (жалпы мақсаттарға арналған шетел тілі және кәсіби мақсаттарға арналған шетел тілі арасындағы ерекшеліктер. Эмпирикалық әдістер ретінде келесі әдістер таңдалды: Қарағанды қаласының ЖОО-ң кәсіби мақсаттарға арналған шетел тілі пәнін оқып жатқан студенттері арасында онлайн-сауалнама. Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы кәсіби мақсаттарға арналған шетел тілі оқытушысының құзыреттілік моделін негіздеу және оларды дамытуға көзделген дайындық курсымен ұсынумен айқындалады. Зерттеудің теориялық маңыздылығы – аталған мақала студенттерге сапалы білім беру және одан әрі кәсіби тұрғыдан даму үшін кәсіби мақсаттарға арналған шетел тілі оқытушысына қажетті құзіреттіліктері жайлы толығырақ теориялық түсініктеме береді. Зерттеуден алынған нәтижелер студенттердің оқу қажеттіліктерін қамтамасыз етуі үшін оқытушыларға қажетті негізгі құзыреттіліктерді анықтауға септігін тигізеді. Зерттеудің жұмысының тәжірибелік маңыздылығы: кәсіби мақсаттарға арналған шетел тілі оқытушысының шеберлігін арттыру үрдісінде ұсынылып отырған дайындық курсы қолдана алу мүмкіндігімен анықталады. Зерттеу жұмысының нәтижелері кәсіби мақсаттарға арналған шетел тілі оқытушыларының кәсіби құзіреттіліктерін жетілдіруге өз септігін тигізеді.

Тірек сөздер: шетел тілі, білім беру, біліктілік, біліктілікті арттыру, кәсіби мақсаттарға арналған шетел тілі, кәсіби құзыреттілік, құзыреттілік моделі, кәсіби дайындық

Кіріспе

Бүгінгі қарқынды дамып жатқан технологиялық қоғамда кәсіби мақсаттарға арналған (техникалық, заңгерлік, медициналық, экономикалық және т.б.) шет тілдерін оқытуға маманданған оқытушыларға деген сұраныс пен талаптар артуда. Соңғы 40 жылда ғылымды, технологияны және бизнесті кәсіби мақсаттарға арнап ағылшын тілінде оқыту (EPP – English for professional purposes) өзінің өміршең және серпінді қозғалыс екенін дәлелдеді. Инженерлік, тау-кен ісі, бизнес, құқық, медицина, авиация және басқа да көптеген пәндер

кәсіби мақсаттарға арналған ағылшын тілінің академиялық секторына жатады. Алайда, бұл өсім оқытушылардың кәсіби дамуымен жеткілікті түрде қамтамасыз етілмей отыр. Әлемде ЕРР саласындағы зерттеулер мен оқу жоспарларын әзірлеуде елеулі жетістіктер орын алуда. Осы жаңа әдістер мен әдістемелерді тәжірибеге енгізетін кәсіби мақсаттарға арналған ағылшын тілі оқытушыларын даярлау деңгейі Қазақстанда жеткіліксіз болып отыр. Бұл мәселе қазіргі таңда оқытушыларға қойылатын негізгі талаптар, мысалы, кәсіби лингвистикалық-дидактикалық құзыреттіліктері қоғам мен еңбек нарығының сұранысын толық қанағаттандыра алмайтындығымен өзекті.

Негізгі ережелер

Бүгінгі экономикалық нарық жағдайлары мен жұмыс берушілердің талаптары білім беру ортасында кәсіби қызмет саласында шет тілін меңгерген сауатты мамандарды даярлаудың жаңа деңгейін анықтайды. Осы орайда ЕРР оқытушыларын даярлауды ұйымдастыру мәселесі бірінші кезектегі маңызға ие. Тілдік емес жоғары оқу орындарында кәсіби ағылшын тілі оқытушылары үшін арнайы дайындық болуы керек, себебі студенттер жалпы ағылшын тілінде ғана емес, сонымен қатар кәсіби мәселелерде де тілдік дағдыларын жетілдіруі керек.

Кәсіби мақсаттарға арналған шетел тілі оқытушысы құзыреттіліктерінің мазмұнына қойылатын талаптарға және аталған пәнді оқытудың ерекшеліктеріне қатысты мәселелерді бірқатар ғалымдар зерттеген, мысалы: Ву Х., Баджер Р., Дадли-Эванс және Сент-Джон, Хатчинсон Т. және Уотрес А., Сысоев П., Коряковцева Н.Ф. және т.б.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде:

- «Кәсіби мақсаттарға арналған шетел тілі» пәнін оқыту үшін шет тілдерін оқыту саласында дайындығы бар, алайда студенттерінің мамандығы бойынша базалық білімі жоқ тіл мамандары-оқытушыларға деген сұраныс және кәсіби тілдің ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған, кәсіби мақсаттарға арналған шетел тілі оқытушысының кәсіби құзыреттіліктерінің мазмұндық талаптарының айқындайтын арнайы дайындықтың жоқтығының арасындағы қарама-қайшылықты анықтауға мүмкіндік туды.

Бұл қарама-қайшылық біздің ғылыми-зерттеу мақаламыздың мақсатын тұжырымдауға мүмкіндік береді – кәсіби мақсаттарға арналған шетел тілі оқытушысының негізгі кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған дайындық жобасын ұсыну.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Мақалада көрсетілген теориялық ақпараттар мен материалдарды жинақтау барысында теориялық тұрғыдан зерттеу әдістері таңдалды: талдау (ғылыми еңбектер мен әдебиеттерді), синтез (зерттелген материалдар негізінде оқытушының негізгі кәсіби құзыреттіліктерін айқындау), салыстыру әдістері (жалпы мақсаттарға арналған шетел тілі шетел тілі және кәсіби мақсаттарға арналған шетел тілін салыстыру). Тәжірибелік әдістер ретінде келесілер

таңдалды: қазіргі таңда кәсіби мақсаттарға арналған шетел тілін оқып жатқан студенттер арасында онлайн сауалнама жүргізу.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: қазіргі қарқынды дамып келе жатқан технологиялық қоғамда кәсіби мақсаттарға арналған (заңгерлік, медициналық, туризм және т.б.) шет тілін оқытатын кәсіби біліктілігі жоғары, құзыретті оқытушыларға сұраныстың күшеюімен сипатталады.

Зерттеудің мақсаты: кәсіби мақсаттарға арналған шет тілі оқытушысының құзыреттілік моделін теориялық тұрғыдан негіздеу және жобалау;

Зерттеу пәні: Кәсіби мақсаттарға арналған шет тілі пәні оқытушыларының кәсіби құзыреттіліктерінің моделі

Бұл зерттеудің практикалық маңыздылығы – біз ұсынған дайындық жобасын кәсіби мақсаттарға арналған шетел тілі оқытушысының кәсіби өсуі мен құзыреттіліктерінің дамуын қамтамасыз ету мақсатында пайдалану мүмкіндігінде.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы – оның шетел тілі оқытушысының кәсіби құзыреттіліктерін теориялық тұрғыдан түсінуге ықпал ететіндігінде, себебі бұл зерттеу жұмысы оқытушыларды даярлау және кәсіби дамыту бағытында маңызды нәтижелер бере алады.

Нәтижелер

Жалпы мақсаттағы ағылшын тілі (EGP-English for general purposes) оқытушыларына негізгі мақсаттары жалпы тілдік дағдылар ғана емес, сонымен қатар ғылыми және кәсіби сөздік қорды игеру болып табылатын студенттермен жұмыс істеу қиын болуы мүмкін. Себебі, оқытушы ағылшын тілінің грамматикасын, жалпы ағылшын лексикасын өте жоғары деңгейде меңгергенімен, студенттің мамандығына, кәсіби үрдістерінің барысына тікелей қатысты терминологиямен таныс емес. Оқытушының студенттің мамандығын түсінбеуі, терминологиясын толыққанды игермеуі жалпы алғанда, оқуға әсер етеді.

Біріншіден, кәсіби мақсаттарға арналған ағылшын тілін оқытатын, алайда біліктілігі тек EGP саласы болып табылатын оқытушылар академиялық ағылшын тілін меңгерумен қатар, студенттерінің пәндік салаларының негізгі ұғымдарын, үрдістері мен терминологиясын білуі керек. Яғни, ағылшын тілін кәсіби мақсаттарда белгілі бір пән аясында қолдануды үйрететін EPP оқытушылары студенттердің мамандығының мазмұнын сол студенттердің өздеріне қарағанда әлдеқайда аз біледі. Алайда есте сақтайтын жайт – тіл оқытушылары пәнді емес, тілді үйретеді. Яғни, студенттер кәсіби ағылшын тілін мамандығы арқылы, ал ұстаздар бейтаныс мамандықты ағылшын тілі арқылы меңгереді. Осылайша, EPP оқытушылары осы мәселелерді шеше алуы үшін өз студенттерінің болашақ мамандықтары мен кәсіптері бойынша кейбір негізгі білімге ие болуы керек [1].

Екіншіден, EPP және EGP бір бірінен ағылшын тілін үйренудегі мақсаттары бойынша ерекшеленеді. EPP жалпы мақсаттарға арналған ағылшын тілі сияқты бейресми ортада күнделікті қарым-қатынас орнату барысында еркін сөйлесу үшін қажетті грамматика мен тілдік құрылымдарды игеруге қарағанда,

контекстік кәсіби тілге көбірек көңіл бөледі. Біріншісі нақты материалдар мен оқу жоспарын жасау үшін академиялық шет тілін және нақты кәсіптік саланың негіздерін білуді талап етсе, екіншісі әлеуметтік жағдайларда функционалдық сауаттылықты/коммуникативтік құзыреттілік пен дайын бағдарламаларды немесе оқулықтарды пайдалануды талап етеді. Бұл ерекшеліктер мұғалімдерді дайындауда көрініс табуы керек. Оқу мақсаттары студенттердің әлеуметтік және тілдік қажеттіліктеріне сәйкес анықталады, ал EPP мен EGP оқыту арасындағы ең маңызды айырмашылық студенттердің ағылшын тілін үйренудегі мақсаттары болып табылады. Ең алдымен, оқытушылар студенттердің мамандықтары бойынша болашақта жұмыс істеулеріне қажет болуы мүмкін білім, яғни негізгі түсініктер, ұғымдар, үрдістер және терминдермен қамтамасыз етілуі керек, себебі олар аталған саланың маманы болмағынымен, осы кәсіби мазмұн арқылы тілге үйретеді.

EPP оқытушыларынан талап етілетін құзыреттіліктерді анықтау мақсатында кәсіби-бағытталған ағылшын тілін оқитын техникалық университеттің бакалавриат студенттері арасында сауалнама жүргізілді. Техникалық университеттің 72 студенті «Кәсіби бағытталған шет тілі» курсынан және оқытушыдан не күтетінін анықтауға арналған сауалнамаға жауап беру үшін кездейсоқ таңдалды. Алынған мәліметтер студенттердің тілектерін ескере отырып, болашақ кәсіби шет тілі мұғалімдеріне арналған дайындық курсы әзірлеуде пайдаланылды. Студенттер арасында сауалнама жүргізуге екі негізгі себеп әсер етті. Біріншіден, олар ағылшын тіліндегі өз жетістіктерінің деңгейін бағалауға және мақсаттарын айқындауға қабілетті ересектер. Әдетте, бұл үшінші курс студенттері. Екіншіден, бұл студенттер өз қажеттіліктерін талдауға қызығушылық танытуда және олардың пікірлерін ескеру қажет деп санаймыз. Шын мәнінде, олар сенімді ақпарат көздерінің бірі болып табылады. Чамберс айтқандай, сенімді ақпарат көзінің 3 түрі бар: студент, студенттің жұмыс берушісі және білім беру ұйымы. Осылайша, Робинсонның айтуы бойынша: «EPP студенттерінің әдетте нақты мақсаттары болатынын ескере отырып, EPP курсы жобалаудың маңызды элементі – қажеттіліктерді талдау болып табылады: ең алдымен, студенттерге ағылшын тілі не үшін қажет екенін анықтаңыз» [2]. Студенттерге берілген сауалнама анонимді болып табылады, бірақ нәтижелерді талдау үшін негізгі ақпарат сұралды, мысалы:

- Сіз оқып жатқан бағыт (мамандық) пен курсты көрсетіңіз;

Сондай-ақ, сауалнама респонденттен егжей-тегжейлі жауаптарды талап ететін 3 ашық сұрақты қамтиды, мысалы:

- «Кәсіби шетел тілі» курсының соңында қандай дағдыларға ие болғыңыз келеді?


– «Кәсіби шетел тілі» курсына қандай өзгерістер енгізгіңіз келеді?

– «Кәсіби шетел тілі» пәніне қатысты білім сапасын арттыру үшін оқытушыға қандай ұсыныстарыңыз бар?

Сонымен қатар, студенттер «Сіздің ойыңызша, «Кәсіби шет тілі» курсына қандай дағдылар міндетті түрде оқытылуы керек?» деген сұраққа жауап берді

(кестеде көрсетілген жауаптардың ішіне таңдаңыз). Студенттер бір блоктан қажетті деп санайтын бірнеше дағдыларды таңдай алады.

Сауалнама нәтижелері бойынша «Сөйлеу дағдылары» (“Speaking skills”) бөлімінің дағдылар келесі ретпен орналасты (1-сурет):



Сурет 1 - “Speaking skills” бөлімі бойынша сауалнама нәтижелері

1. Мамандыққа байланысты ағылшын тіліндегі терминдер және негізгі тіркестерді игеру – 63 ұ.

2. Мамандыққа байланысты белгілі процестер мен процедураларды сипаттау, түсіндіру және анықтау -54 ұ.

3. Коммуникациялық іс-әрекеттерді жүргізу және орнату - 48 ұ.

4. Ғылыми және академиялық тілді қолдану - 48 ұ.

5. Ағылшын тілінде кәсіби тақырыптар бойынша презентация жасау– 54 ұ.

6. Тыңдаушыға қажетті мағынаны дәл жеткізетін грамматикалық құрылымдарды дұрыс таңдап, грамматикадағы, тыныс белгілері мен стильдегі жиі кездесетін қателерге өзінің және басқалардың сөзін тексеріп, өңдеу; - 57 ұ.

Студенттердің таңдауы бойынша «Ағылшын тіліндегі мамандыққа қатысты терминдер мен негізгі сөз тіркестерін білу» дағдысы ең көп дауысқа ие болды.


«Оқу дағдылары» (Reading skills) бөлімінде дағдылар келесі дауыстарға ие болды:

1. Кәсіби мәтіндерді түсіну – 72 ұ.

2. Кәсіби мәтіндерге анализ жасау, талдау және қорыту–53 ұ.

3. Кәсіби тақырыптағы мәтіндегі негізгі ойды анықтау – 49 ұ.

4. Кәсіби графикалық сызбаларды / диаграммаларды / кестелерді ағылшын тілінде оқу және түсіндіру - 63 ұ.



Сурет 2 - “Listening skills” бөлімі бойынша сауалнама нәтижелері

«Тыңдау дағдылары» (Listening skills) бөлімінің нәтижелері (2-сурет):

1. Ағылшын тілінде сөйлейтіндерді түсіну, кәсіби тақырыптарды талқылау - 108 ұ.

2. Ағылшын тілінде сөйлейтіндердің интонациясына, жеткізуіне және акцентіне енгізілген ақпаратты тану - 69 ұ.

3. Кәсіби диалогтарды/аудио жазбаларды тыңдау кезінде түсіну, негізгі ақпаратты жазып алу – 63 ұ.

4. Нақты мәліметтерді, ғылыми фактілерді немесе кәсіби идеяларды тыңдау - 63 ұ.

«Жазу дағдылары» (Writing skills) бөлімінде:

1. Түйіндеме, іскерлік хаттар, жоба есептері, кәсіби Power Point презентациялары, семинарлық баяндамалар жазу – 68 ұ.

2. Өз кәсібімізде жиі қолданылатын жазу стилін игеру-51 ұпайға ие болды.

Сауалнамада студенттердің жазбаша жауабын талап ететін сұрақтар да болды. «Кәсіби шет тілі» курсына қандай өзгерістер енгізгіңіз келеді?» деген сұраққа мынадай жауаптар берілді:

- Кәсіби сызбаларды/макеттерді жиірек пайдалану;

- Шынайы кәсіби ортаны имитациялау;

- Жазбаша қарым-қатынас жасауға көбірек машықтандыру;

- Аудиоматериалдарды/өз саламыздағы ағылшын тілді мамандарды жиірек тыңдау;

«Сіздің ойыңызша, сіздің кәсіби ағылшын тілін білу деңгейіңіз шетелдік әріптестермен/шетелдік компанияларда жұмыс істеуге жеткілікті ме?» деген сұраққа жауап беру үшін төмендегі үш жауаптың бірін таңдау керек:

-жоқ - 44,4%

- Жауап беруге қиналамын – 22,3%

-иә – 33,3%.

Сараптама нәтижелері студенттердің кәсіби мақсатта шет тілі курсынан не күтетінін көрсетті, сонымен қатар сауалнама нәтижелері студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін біз ұсынып отырған кәсіби мақсаттағы шет

тілі мұғалімінің құзыреттілігін дамыту дайындық курстарының қажеттігін көрсетті.

Талқылау

Сауалнама нәтижелеріне негізделе отырып, кәсіби шетел тілі оқытушыларына келесі қадамдарды ұсынамыз:

1. Оқытушы өзі оқытатын нақты пән туралы тиісті ақпаратқа ие болуы керек және арнайы мәтіндерді түсінуде белгілі бір қиындықтар туындаса, мамандардан көмек сұрауы қажет.

2. Оқытушылардың ЕРР оқыту дағдыларын жетілдіру қажет. Бұл ЕРР тренингінде сертификат беруді қарастыру арқылы жақсырақ орындалады.

3. ЕРР оқытушылары басқа ЕРР оқытушыларымен кездесіп, сұрақтарды талқылап, олардың тәжірибесін пайдалана алады.

4. Оқытушы жаңалықтар мен өзгерістерден қалыс қалмау және біліктілігін арттыру үшін өз зерттеулерін жалғастырып, ЕРР бойынша білімін дамытуы керек. Студенттерінің мақсаттарын бағалау үшін қажеттіліктерді үнемі талдауды талап етеді, осылайша оқытушы өз студенттерінің қажеттіліктерін қанағаттандыра алады және осы курсты өткізуде табысты болады.

5. ЕРР оқытушылары өзінің оқыту саласындағы барлық жаңалықтарды үнемі оқып отыруға және қажеттіліктерін талдауға сәйкес студенттерінің өзгермелі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жаңа құралдарды іздеуді ұсынамыз.

6. ЕРР оқытушылары өздерінің оқытып отырған студенттерінің кәсіби саласындағы маман емес, ағылшын тілінің маманы екенін есте ұстауы, алайда басқа кәсіби саланың мазмұны арқылы ағылшын тілін оқыту үшін қолайлы құралдарды пайдалануы керек. Бұл құралдарды студенттердің өз мамандығына байланысты коммуникативті дағдыларын және сөздік қорын жақсарту үшін үлесін тигізбек.

Өкінішке орай, болашақ ЕРР оқытушыларын жаңа ортаға дайындайтын және олардың міндеттерін тиімдірек орындауға мүмкіндік беретін оқу бағдарламалары қазіргі таңда жоқ. Оқытушыларды дайындау тұжырымдамасы оқыту барысында туындауы мүмкін қиындықтар мен талаптарды қанағаттандыру үшін қажетті құзыреттер мен дағдыларды дамытуға негізделуі тиіс.

Осы мақалада ұсынылып отырған құрылым РЕТТ (Pre-service EPP Teacher Training) концепциясына негізделген, бұл Кот-д'Ивуар – француз тілінде сөйлейтін елде кәсіби мақсаттарға арналған болашақ шет тілі мұғалімдерін даярлау бағдарламасы. Бұл құрылым Британ Кеңесі бірнеше жыл бойы қаржыландырған Кот-д'Ивуардағы РЕТТ бағдарламасының табысты болуына байланысты таңдалды. Аталған оқыту бағдарламасының негізгі мақсаты оқытушылардың кәсіби мақсаттарға арналған ағылшын тілін оқыту үрдісін оңтайландыру болып табылады. Бұл мақсаттың негізгі міндеттерінің бірі ағылшын тілі оқытушыларын кәсіби мақсаттарға арналған ағылшын тілін

оқытуға даярлаудың оқу бағдарламасы мен оқу құралдарын жасау болып табылады [3].

РЕТТ мақсаттары:

Жоғарыда айтылғандай, кәсіби мақсаттарға арналған ағылшын тілін оқыту жалпы ағылшын тілін (GE) оқытуға қарағанда қосымша дағдылар, құзіреттіліктер мен білімді талап етеді. Мұндай дағдылар мен білімдер «ЕРР оқытушысының кәсіби құзіреттілігі» деп аталады, ол оқытушының тілдік құзіреттілігі, пәнаралық базалық білімі және педагогикалық құзіреттілігі ретінде анықталады. РЕТТ-тің жалпы мақсаты – ЕРР оқытушыларына осы дағдыларды беру.

РЕТТ негізгі артықшылықтары:

- Академиялық және кәсіби мақсаттарға арналған шет тілі саласында педагогикалық дағдылары мен білімдерін кеңейту мүмкіндігі.

- Оқытушының кәсіби құзіреттілігінің заман талаптарына сәйкес дамуы;

- Шетел тілі оқытушысының мансаптық перспективаларын жақсарту.

РЕТТ компоненттері:

Осы мақсатқа жету үшін РЕТТ оқытушыларын дайындау кезінде мазмұнға да, әдістемеге де назар аудару керек. Осылайша, РЕТТ екі негізгі құрамдас бөліктен тұрады: «ЕРР әдістемесі» - мұғалімдердің педагогикалық құзіреттілігін дамыту және «Пәндік-мазмұндық білім» («SCK – subject content knowledge») – белгілі бір кәсіби саладағы (мыс.: машина жасау саласында) лингвистикалық құзіреттілік және пәнаралық негізгі білім беру.

«ЕРР әдістемесінің» міндеттері:

- Курс тыңдаушыларын қолданбалы лингвистика саласында оқыту;

- ЕРР бойынша теориялық және практикалық білім беру;

- Оқытушыларға оқу материалдарын әзірлеуге және оларды өз сыныптарында бағалауға үйрету;

- Тілдік емес ЖОО студенттерінің тілдік қажеттіліктерін бағалауға және олардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын курстарды жоспарлауға дайындау.

- Ересектерді оқыту (AL-adult learning) әдістемесімен және олардың психологиялық ерекшеліктерімен таныстыру.

Әдістемелік курстың бұл мақсаттары ЕРР оқытушыларына жоғарыда аталған талаптарды тек мұғалім ретінде ғана емес, сонымен қатар материалдарды әзірлеуші, студенттердің тіл қажеттіліктерін талдаушы және курс бағалаушысы ретінде орындауға мүмкіндік береді.

Пәндік-мазмұндық компонент (SCK):

SCK ағылшын тілінде сөйлейтін, бірақ кәсіби мақсаттарға арналған ағылшын тілін оқытуда кәсіби даярлығы мен біліктілігі жоқ тәжірибедегі немесе болашақ ЕРР оқытушыларын белгілі бір саладағы лингвистикалық құзіреттілікпен және кәсіби мазмұндағы негізгі білімімен қамтамасыз етуі керек. Осылайша, SCK келесі аспектілермен сипатталады:

Пәнаралық базалық білім: ЕРР оқытушылары пәндік негізгі білім мен түсінікке ие болуы керек. Филиппсонның айтуы бойынша, бизнес, ғылым және технология салаларында қызмет ету үшін ағылшын тілін игеру маңызды, себебі

«Ағылшын тілі ғылымда, технологияда, медицинада және ақпараттық технологияларда, зерттеу жұмыстарында, журналдарда және бағдарламалық қамтамасыз етуде қолданылады; Сонымен қатар, транзакциялық бизнесте, саудада, кеме қатынасында, авиацияда және т.б. басым». [4]. Осы себептерге байланысты ЕРР мұғалімдеріне «Бизнес және экономикаға арналған ағылшын тілі» (EBE – English for business and economics) және «Ғылым және технологияға арналған ағылшын тілі» (EST – English for science and technology) ұсынылуы керек.

Біз ұсынатын РЕТТ схемасы:

Оқушылар: кәсіби мақсаттағы ағылшын тілі оқытушылары.

Оқу орны: Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін дайындайтын немесе кәсіби мақсаттарға арналған ағылшын тілі оқытылатын ЖОО.

Оқуды растау: Оқуды аяқтау туралы сертификат

Курстың нәтижесі: Оқытушы ЕРР әдістемесі бойынша білімін жетілдіреді және табысты оқыту үшін қажетті бір немесе бірнеше таңдалған кәсіптік бағыттар бойынша пәндік негізгі білім мен түсінікті меңгереді.

Курс екі бөлімнен тұрады:

1. Пәндік-мазмұндық білім – кәсіптің бірнеше саласын біріктіретін пәндік-мазмұндық білім алу. Мысалы: «Экономика» пәні бойынша базалық білім алатын оқытушы, болашақта «Экономика» саласына жататын бірнеше мамандық («Қаржы», «Менеджмент», «Есеп және талдау») студенттеріне кәсіби мақсаттарға арналған ағылшын тілін үйрете алады. Бұл үшін СКК-ң мазмұны оқытушыларға осы экономика саласындағы ең негізгі, аталған ғылым саласының барлық тармақтарына ортақ базалық түсініктер мен терминдерді, үрдістерді қамтамасыз етуі қажет.

Пәндік мазмұн бөлігінде мұғалімдер келесі бағыттар бойынша білім алады:

- таңдаған ғылым саласы бойынша негізгі білімді меңгеру (мысалы: тау-кен ісі; медицина; архитектура және құрылыс);

-таңдаған ғылым саласының негізгі ұғымдары мен терминдерін/жаргондарын білу;

- келесі ұсыныстарды алады:

- өз білімін одан әрі дамыту үшін қажетті әдебиеттер/оқулықтар тізімі;

- Оқыту кезінде қандай дағдыларды ескеру қажет екендігі жайлы (медицинада: науқаспен ауызша сөйлесу, рецепт жазу; экономикада: графиктер мен диаграммаларды түсіндіре білу және т.б.);

- оқу материалдарын таңдау және бейімдеу әдістері;

- Қолданылатын бағдарламалар мен материалдар туралы ақпарат – оқу жоспарлары, оқу-әдістемелік құралдар (карталар, қабырғалық кестелер, диаграммалар, макеттер);

2. «ЕРР әдістемесі» бөлімінде оқытушылар келесі бағыттар бойынша білім алады:

- ересектерді оқыту әдістемесі;

- ересектерді оқытудың психологиялық ерекшеліктері;

- студенттердің тілдік қажеттіліктерін бағалау және студенттердің қажеттіліктеріне сәйкес курстарды жоспарлау;

- сынып менеджменті, оқушылардың әртүрлі топтарының мінез-құлқы мен қарым-қатынасы;

- оқытудың негізгі әдістерін және оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынасты түсіну;

Оқытушыларға кім сабақ береді:

ESP әдістемесін шет тілі мамандары, психологтар және әдіскерлер бірлесіп жазған оқу бағдарламасы негізінде маман жүргізеді.

Пәндік-мазмұндық оқытуды шет тілі маманы және пән мамандары (ана тілінде) әзірлеген оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Т.Ченнің пікірінше, тіл мұғалімінен кәсіптік пәннің мазмұнын терең білу талап етілмейді, бірақ оның пікірінше, ЕРР оқытушысы курсты мазмұны жағынан қолдайтын оқу бағдарламасын жасау үшін қажетті негізгі түсініктерге ие болуы керек. [5]. Расында, шетел тілі оқытушыларының кәсіптік пәндер бойынша дайындығы жеткіліксіз болуы мүмкін, алайда олар кәсіптік дайындықтан өтсе және пәндік білімін тереңдететін болса, тілдік емес жоғары оқу орнындағы кәсіби ағылшын деңгейі едәуір жоғарылайтын еді. Осыған байланысты, пән оқытушылары тіл мұғалімдеріне кәсіби мазмұнды білмеу қорқынышын жеңуге мүмкіндік беруі керек [6].

Қорытынды

Барлық зерттеу жұмысының нәтижелерін қорытындылай келе, біз мынадай қорытындыға келдік:

1. Оқытушылардың өз студенттерінің мамандығы бойынша негізгі білімі болуы керек және қиындықтар туындаса, мамандардан көмек сұрауы керек.

2. Оқытушылардың білігін арттыру және ЕРР оқыту дағдыларын жетілдіру қажет. Бұл дайындық курсын аяқтағаннан кейін сертификат беру мәселесін қарастыру арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар біз оқыту қажеттіліктерін қанағаттардыру бойынша өз ұсыныстарымызды айтқымыз келеді: әр мамандықтың ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа оқу жоспарын әзірлеу қажет, яғни ЕРР оқытушылары дайындық курстарынан өтіп, алынған білімді айқындайтын сертификатқа ие болады. Кәсіби мақсаттарға арналған шет тілі оқытушысына кәсіптік пән мазмұнының негізгі ұғымдарын, терминдері мен үрдістерін түсіндіретін және негізгі кәсіби түсінікті дамытатын оқыту курстары қажет деген тұжырымдаманы ұсынамыз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Wu, H., Badger, R. In a strange and uncharted land: ESP teachers "strategies for dealing with unpredicted problems in subject knowledge during class. //English for Specific purposes. – 2009. – vol.28 – pp.19-32.

[2] Robinson, P.C. ESP today: A Practitioner`s Guide. Hemel Hempstead – Phoenix, 1991. – 224 p.

[3] Koné, Z. Pre-service ESP teacher training in an African French- speaking country: the case of Cote d`Ivoire// English for Specific Purposes World. – 2007. – Vol. 6, Issue 1 (14). – pp.13-22.

[4] Phillipson, R. Linguistic Imperialism. – Oxford University Press, 1992. – 79 p.

[5] Chen, T. Self-training for ESP through action research// English for Specific Purposes. – 2000. – Vol. 19, Issue 4. – pp.389-402.

[6] Bracaj M. Teaching English for Specific Purposes and Teacher Training. //European Scientific Journal 10 (2) – 2014. – pp.40-49.

ПОВЫШЕНИЕ КВАЛИФИКАЦИИ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА ДЛЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ЦЕЛЕЙ В НЕЯЗЫКОВЫХ ВУЗАХ

*Исина Н.Т.¹, Толуспаева Д.Ж.²

*¹м.п.н., преподаватель, Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова, Караганда, Казахстан e-mail: nazerke96g@mail.ru

²м.г.н., преподаватель, Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова, Караганда, Казахстан e-mail: dnm_tm@bk.ru

Аннотация. Цель статьи: представить учебный проект профессионального назначения, направленный на развитие основных профессиональных компетенций преподавателя иностранного языка для профессиональных целей. Актуальность исследования обуславливается тем, что в современном стремительно развивающемся технологическом обществе возрастает потребность в высококвалифицированных, компетентных преподавателях иностранных языков для профессиональных целей (юридических, медицинских, металлургических, горнодобывающих и др.). Научная и практическая значимость определяется возможностью использования предлагаемого учебного проекта в профессиональных целях с целью повышения профессионального мастерства преподавателей иностранных языков для профессиональных целей. Основные методы исследования: выбранные теоретические методы исследования: анализ (исследование научных работ и литературы), синтез (построение модели компетенций на основе изученной информации), методы сравнения (отличия иностранного языка общего назначения от иностранного языка для профессиональных целей). Выбранные эмпирические методы: онлайн-опрос студентов, изучающих профессиональные иностранные языки в Карагандинском техническом университете. Научная новизна исследования определяется обоснованием модели компетентности преподавателя иностранного языка для профессиональных целей и предложением обучающих курсов по их развитию, а также исследовательские результаты дают более подробное теоретическое обоснование компетенций, необходимых преподавателю иностранного языка в профессиональных целях для качественного образования и дальнейшего профессионального развития. Результаты исследования помогают соответствовать учебным потребностям студентов, определить ключевые компетенции, которые необходимы преподавателям для достижения успеха. Практическая значимость исследования определяется возможностью использования предложенного учебного курса в процессе повышения квалификации преподавателя иностранного языка в профессиональных целях. Результаты исследования способствуют развитию профессиональных компетенций преподавателей.

Ключевые слова: иностранный язык, преподавание, квалификация, повышение квалификации, иностранный язык для профессиональных целей, профессиональная компетентность, модель компетенции, профессиональная подготовка

COMPETENCE DEVELOPMENT OF TEACHERS OF FOREIGN LANGUAGE FOR PROFESSIONAL PURPOSES IN NON-LINGUISTIC HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS

*Issina N.T.¹, Toluspayeva D.Zh.²

¹MPS, teacher, Abylkas Saginov Karaganda Technical University, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: nazerke96g@mail.ru

²MHS, teacher, Abylkas Saginov Karaganda Technical University, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: dnm_tm@bk.ru

Abstract. The purpose of the article is to present a professional educational project aimed at the development of basic professional competencies of a foreign language for professional purposes` teacher. The relevance of the study is due to the fact that in today's rapidly developing technological society there is an increasing need for highly qualified, competent teachers of foreign languages for professional purposes (legal, medical, metallurgical, mining, etc.). Scientific and practical significance is determined by the possibility of using the proposed training project for professional purposes in order to improve the professional skills of foreign language teachers for professional purposes. Main research methods: the selected theoretical research methods are analysis (research of scientific works and literature), synthesis (construction of competence model on the basis of the studied information), comparison methods (differences between a foreign language for general purposes and a foreign language for professional purposes). Selected empirical methods: online survey of students studying professional foreign languages at Karaganda Technical University. The scientific novelty of the research is determined by the substantiation of the competence model of a foreign language teacher for professional purposes and the proposal of training courses for their development. The research results provide a more detailed theoretical substantiation of the competences required by a foreign language teacher for professional purposes for quality education and further professional The practical significance of the study is determined by the possibility of using the proposed training course in the process of professional development of a foreign language teacher for professional purposes. The results of the study contribute to the development of professional competencies of teachers.

Key words: foreign language, teaching, qualification, advanced training, foreign language for professional purposes, professional competence, competence model, professional training

Статья поступила 27.12.2022